

# КАЗАК ТІЛІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР

ЖЕТПІСБАЙ ӘЛИЯ ҚОЖАМҰРАТҚЫЗЫ  
МОЛДАҒАЛИ БАҚЫТГҰЛ  
САРЫБАЕВА БАЯН ЖУМАШЕВНА  
ЕСЕНТАЙМАНАР  
Р.ТҰРЫСБЕК  
А.ҮСЕН

Б. ҚОРҒАНБЕКОВ  
О.ТЕМІРБЕКОВ  
МУРЗИНОВА А.С.  
ЕЛШИБАЕВА К.З.  
АБДИРАСИЛОВА Г.Қ.  
ТЫМБОЛОВА А.О

ҚАЗАҚ

ТІЛ

ӘДЕБИЕТТЕР

ТУРИЗМ

сөздер

АДАМ

ҚАЗЫНАСЫ

ҰЛТТЫҚ



**IKSAD**  
Publishing House

# ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР



ISBN- 978-605-7510-45-7

**Institution Of Economic Development And Social Researches  
Publications®**

**(The Licence Number of Publicator: 2014/31220)**

**TURKEY TR: +90 342 606 06 75**

**USA: +1 631 685 0 853**

**E posta: kongreiksad@gmail.com**

**www.iksad.org**

**www.iksadkongre.org**

Kitabın tüm hakları İKSAD Yayınevi'ne aittir.

İzinsiz çoğaltılamaz, kopyalanamaz.

Metinlerden etik ve yasal olarak yazarlar sorumludur

Iksad Publications- 2018© ISBN- 978-605-7510-45-7

**МАЗМҰНЫ**

**ЖЕТПІСБАЙ ӘЛИЯ ҚОЖАМҰРАТҚЫЗЫ  
МОЛДАҒАЛИ БАҚЫТГҰЛ  
САРЫБАЕВА БАЯН ЖУМАШЕВНА  
ЕСЕНТАЙ МАНАР**

**ҚАЗАҚ-НЕМІС ТІЛДЕРІНДЕГІ «УАҚЫТ» ТАНЫМЫ**  
4

**Р.ТҰРЫСБЕК  
А.ҮСЕН  
Б. ҚОРҒАНБЕКОВ  
О.ТЕМІРБЕКОВ**

**ҰЛТТЫҚ ТІЛ - ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ**  
22

**МУРЗИНОВА А.С.  
ЕЛШИБАЕВА К.З.  
АБДИРАСИЛОВА Г.Қ.  
ТЫМБОЛОВА А.О**

**ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ФИТОСТЕРЕОТИПТЕРДІҢ  
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**  
49



## ҚАЗАҚ-НЕМІС ТІЛДЕРІНДЕГІ «УАҚЫТ» ТАНЫМЫ

*Жетпісбай Әлия Қожамұратқызы*

*Молдағали Бақытгүл*

*Сарыбаева Баян Жумашевна*

*Есентай Манар*

**Түйіндеме:** Мақалада тіл біліміндегі «уақыт» түсінігіне теориялық негіздеме беріледі, соның ішінде қазақ және неміс тілдеріндегі аталмыш мәселенің тілдік табиғаты салыстырылып қарастырылады.

Отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, уақыттың қазақ және неміс тілдеріндегі танымдық сипаты фразеологиялық

бірліктер арқылы берілді. Қазақ тіл біліміндегі уақыттың танымы «Күлтегін» жырынан мысал келтіріліп, Қытай мен Монғолиядағы қазақ ағайындарының ұғымынша аптаның алғашқы бес күн (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма) жұмыс күні, аптаның алтыншы күні (сенбі) жартылай жұмыс күні (жарты азат), аптаның жетінші күні (жексенбі) толық демалыс күні (бүтін азат) деп атайды. Сондай-ақ, аптаның әр күніндерін: бірінші күн, екінші күн, үшінші күн, төртінші күн, бесінші күн, алтыншы күн, жетінші күн деп рет санмен атауы, айлардың да бірінші ай, екінші ай т.с.с. деуі уақыттың көне баба түрік дәстүрінің жалғастығынан бастау алған деп тұжырымдалды. Қазақ танымындағы күн санау «Алланың күнінің бәрі сәтті» деп бекер айтпаса

керек, әр күн адамзат баласы үшін өз мән-маңызыдылығы мысалдар арқылы берілді. «Бүгінгі істі ертеңге қалдырма», «еріншектің ертеңі таусылмайды», «ертең де күн бар», «түстік өмірің болса, кештік мал жина», «таңғы ас тәңірден», «ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық», «арсызға алты күн мейрам», «шөлмек мың күн сынбайды, бір күн сынады», «әр нәрсе өз уақытында жақсы», «жапа шегіп жай жату, жасқаншақтың белгісі, Ерте жатып кеш тұру, еріншектің белгісі», «ештен кеш жақсы» деген қағидамен өмір сүрген ұлтымыздың уақыт құндылығы жайлы түсінігі танылмақ.

Неміс халықтарының танымында уақытты метофоралық модельдер арқылы топтастырылып



берілді. «Уақыт –қозғалыс», «уақыт сапа» деп тілдік фразеологиялық бірліктер қос тілде қатар қарастырлыды. Тілдік деректерге сүйенсек, уақыт концептісінің қазақ және неміс тілдерінен маңызды орын алатындығын аңғару қиын емес. Қос халықтың көп заманнан бері сақталып келген рухани мұрасы уақыт танымымен тығыз байланысты.

Қазіргі таңда тіл біліміндегі уақыт концепт мәселесі жан-жақты қаралуда. Аталмыш бағыттың түп тамыры тереңнен нәр алатындығын ұлы философтардың пайымдауларынан байқау қиын емес. Бұл бағытта Аристотель, Г.В.Лейбниц, И.Кант, Ф.Брентано, Н.О.Лосский, Н.А.Бердяев, К.Ясперс, М.Хайдеггер және т.б. қалам тартты. Тарихи мектептердің бұған қатысты өзіндік көзқарастары

қалыптасқандығы белгілі. Мәселен, субстанционалды концепция өкілдері (Демокрит, Эпикур) кеңістік пен уақытты материямен тең дәрежеде, өз алдына жеке дара деп қарастырып, уақыт бүкіл әлемде бірдей қозғалады, бұл ағыс ештеңеге тәуелді емес, уақыт әлемдік үздіксіз ағыс, барлық нақты қозғалыстар өлшемінің ғарыштық тұрақты шкаласы деп пайымдаған. Ал диалектикалық материализм тұрғысынан (Аристотель, Г.Лейбниц) уақыт бірін-бірі ауыстырып отыратын құбылыстарды реттеуші болып табылады. Уақытқа бір өлшемділік, асимметриялық, қайтымсыздық сынды қасиеттертән [1].

Адамзаттың ұлы ойшылдары тарапынан айтылған пәлсапалық тұжырымдар уақыт

категориясының тіл әлемімен айнымас байланысын байқатты. Ғалым Қ. Анасова: «Уақыт ұғымы адамның оқиғалары алмасуын қабылдауынан, әртүрлі заттар мен процестердің айналымы, ұласуын ұғынуға тырысуы негізінен пайда болды. Кеңістік пен уақыт туралы ұғымдар қалыптасуының өзі ұзақ даму жолынан өтті» дей келе, «... кеңістік пен уақытты қосу дегеніміз – тыныштық күйдегі дала, кеңістік пен қозғалысты су – уақыттың, жердің нақтылығы мен ауа абстрактілігінің, жылжымайтын дала мен көкжиек өткіншілігінің бірлігіне қол жеткізу деген сөз. ... Оның көмегімен ежелгі адам өзінің Уақыт пен Кеңістік, Өлім мен Өмір, Ғарыш туралы, өзінің ондағы орны туралы түсініктерін жазықтыққа түсірді» [2, 14-156]. Жердің күнді айналуы қозғалысы, күннің батуы,

мұздың қатуы, жол көлігінің белгілі бір қашықтықта жүру қозғалысы - осының бәрі уақыт пен кеңістік төңірегіне тиселі құбылыс.

Аса бай да күрделі, әрі нақты уақыт өлшемін көрсеткен сөздер мен терминдер, болжаулар мен болжамдар, мөлшерлеуде, есептеулер арқылы уақыт пен кеңістіктің, замандар мен қоғамдардың жалпылама сипаты көрініс тауып жатқаны белгілі. Сондай-ақ, бір тәулік таң, түс, кеш, түнге бөлінсе олар секунтарға алпыс секунд бір минутқа, 60 минут 1 сағат, 24 сағат бір тәулік болатыны түсінікті. Дегенмен де жеті күнді (аптаны) халқымыздың аптаның басы (дүйсенбі, сәрсенбі), ортасы (сәрсенбі, бейсенбі), аяғы (жұма, сенбі), соңы (жексенбі) деп бөлу ауыз екі тілде жиі кездеседі. Жалпы Қытай мен Монғолиядағы

қазақ ағайындарының ұғымынша аптаның алғашқы бес күн (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма) жұмыс күні, аптаның алтыншы күні (сенбі) жартылай жұмыс күні (жарты азат), аптаның жетінші күні (жексенбі) толық демалыс күні (бүтін азат) деп атайды. Сондай-ақ, аптаның әр күніндерін: бірінші күн, екінші күн, үшінші күн, төртінші күн, бесінші күн, алтыншы күн, жетінші күн деп рет санмен атауы, айлардың да бірінші ай, екінші ай т.с.с. деуі көне баба түрік дәстүрінің жалғастығынан бастау алған деп білеміз. Мәселен,

«Күлтегін қой жылы, он екінші күні өлді.

Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде  
жерледік

... жазба тасын мешін жылы, жетінші айдың

Жиырма жетісінде тегіс аяқтадық» [3, 21-6].

Күн санау ұғымында «Алланың күнінің бәрі сәтті» деп бекер айтпаса керек, әр күн адамзат баласы үшін өз мән-маңызы бар. Мәселен, мына мысалдардан «Бүгінгі істі ертеңге қалдырма», «еріншектің ертеңі таусылмайды», «ертең де күн бар», «түстік өмірің болса, кештік мал жина», «таңғы ас тәңірден», «ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық», «арсызға алты күн мейрам», «шөлмек мың күн сынбайды, бір күн сынады», «әр нәрсе өз уақытында жақсы», «жапа шегіп жай жату, жасқаншақтың белгісі, Ерте жатып кеш тұру, еріншектің белгісі», «ештен кеш жақсы» деген қағидамен өмір сүрген ұлтымыздың уақыт құндылығы жайлы түсінігі танылмақ.

Неміс тіліндегі уақыт мәселесіне қатысты зерттеулердің басым көпшілігі оны грамматикалық категория ретінде қарастыратын грамматикалық еңбектер болып табылады. Алайда уақыт категориясын лексикалық тұрғыдан зерттеу нысаны еткен еңбектер кем де кем. Осы тұрғыдан аталмыш бағытта ізденіп жүрген ғалым Г.Альбатырова былай дейді: «Лексические средства, указывающие на временную соотнесенность, играют значительную роль. Наибольшая точность временной ориентации достигается с помощью группы существительных. Только они могут передать точное измерение времени и датировку. Изучение лексических вариантов обозначения времени и его различных проявлений позволяет выявить ряд общих

закономерностей, свойственных этим обозначениям: отраженное в них восприятие времени через призму человеческой жизни; воплощение языковыми средствами пространственно-временного континуума; выражение одним словом множественности и многоликости явления (языковой синкретизм) и использование нескольких слов для обозначения близких явлений, и параллельно конкретизация и спецификация в номинации отдельных темпоральных проявлений». [4]

Неміс тіліндегі «Zeit» сөзі «Abgeteiltes, Abschnitt» (б.э. VIII ғ. Пайда болған) сөздерінен қалыптасқан, «бөлінген, бөлім / бөлшек» деген мағыналарды білдіреді [5]. Демек, неміс халқы ескі



замандардан уақыт ағысын бөлу, бөлшектеуге тырысқан.

Зерттеуге алынған тілдік деректерге сәйкес «уақыт» жеке дара лексикалық бірлік ретінде зерттеу оның мүмкіншілік аясын толық аша алмайтындығына көзімізді жеткіздік. Осыған орай «уақыт» танымын фразеологиялық тіркес түріндегі лексикалық оралымдар аясынан да қарастыруды жөн көрдік. ФТ мағыналарына жүргізілген талдау барысында келесідей топтар жіктелді: уақыт құрылымы: өткен шақ, осы шақ, келер шақ; тіршілік жасы: балғын шақ, жастық шақ, орта жас; қарттық; тіршілік қалпы: туу, өсу, өлу; уақыт кейпі: ерте, кеш, уақытында; кезеңділік: жиі, сирек, әрқашан, ешқашан.

Зерттеуші С.А.Баруздина неміс тіліндегі уақыттың метафоралық модельдерін топтастырған болатын. Олар: кеңістік метафорасы (уақыт – дөңгелек, уақыт – тізбек, уақыт - контейнер), биологиялық метафора (антропоморфты метафора, флористикалық метафора, зооморфтық метафора), экономикалық метафора (уақыт – ақша, уақыт – шектеулі ресурс, уақыт - байлық), психологиялық метафора (уақыт - қозғалыс), деструктивті метафора (уақыт -дұшпан), квалитативті метфора (уақыт - сапа) [6,114]

Ғалымның бұл ұстанымын қос тілге де қатысты қарастыруға болады. Уақыттың кеңістікпен байланыстылығын келесі мысалдардан көруге

болады: Auch Morgenland ist Sorgenland. Im Augenblick, im Moment.

Der Morgenistweiserals der Abend. Die Zeittotschlagen қолданыстардан уақыттың тірі аға ретінде елестете аламыз.

Уақыттың байлық есебіндегі көрінісін мына тілдіу деректерден аңғару қиын емес. Der Angler wartet Stunden, der Narr ein Leben, Zeit gewonnen, viel gewonnen. Уақыт – адам өмірінің ақшалай құны. Адамның босқа кеткен әрбір сәті отқа жаққан теңгемен тең.

Уақыт – қозғалыс: Die Uhrbleibtstehen, die Zeitnicht. Уақыт бізбен санаспайды.

Уақыт - қапа: Heute ist die beste Zeit. Wer der Zeit nicht tut ihr Recht, der fährt in Geschäftschlecht. /  
*уақыт –білгенге қазына, білмегенге – быламық*

Тілдік деректерге сүйенсек, уақыт концептісінің қазақ және неміс тілдерінен маңызды орын алатындығын аңғару қиын емес. Қос халықтың көп заманнан бері сақталып келген рухани мұрасы уақыт танымымен тығыз байланысты. Халықтың қым-қуат тіршілігі, өмірлік тәжірибелерінен туындаған нақыл сөздері уақыттың қаншалықты маңыздылығын байқатады.

## Пайдаланған әдебиеттер

1. Спиркин А.Г. Философия: Учебник. — 2-е изд. — М.: Гардарики, 2002. — 736 с.
2. Анасова Қ. Т. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі кеңістік пен уақыттың рәміздік негіздері. ф.ғ.к... дисс. — Алматы, 2006. -25 б.
3. Күлтегін. Тоныкөк. (жобаның авт. М. Кемел). — Астана: «Аударма», 2002. -96 бет.
4. Альбатырова А. Е. Анализ семантической структуры концепта «время» в немецком и русском языках. Вестник КарГУ. 2009
5. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. Т. 1—4 / Пер. с нем. и доп. О.Н.Трубачева. — М., 1964-1973.

6. Баруздина С.А. Лингвокультурный концепт «Время» в метафорических репрезентациях: на материале немецкого языка: дисс ... канд. Филол. Наук. –Смоленск, 2008.



## ҰЛТТЫҚ ТІЛ - ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

*Р.Тұрысбек ф.ғ.д. профессор*

*А.Үсен ф.ғ.д. профессор,*

*Б. Қорғанбеков ф.ғ.к. профессор*

*О.Темірбеков ф.ғ.к. доцент*

**Түйіндеме:** Ұлттық тілдің тарихы, әр кезеңдегі даму үрдістері кең көлемде сөз етіледі. Қазақ тілінің тарихы бай. Сол тіл байлығын сақтау бүгінгі ғылым мен техника дамығын кезеңде маңызы арта түседі. Әлем тілдерінің тарихына қарағанда қазақ тілінің мүмкіндігі мол. Сол тіл арқылы ұлттың әр кезеңдегі өмір сүрген хандарымыз бен би-шешендердің, батырлар мен қолбасылардың



бітім-шешімдері, шешендік сөздері ұлттық тілде көркем, байыпты баяндалады. Ежелдегі Асанқайғыдан бастап, қазіргі кезең аралығында жасаған ақын-жазушылардың шығармашылық мұралары ұлттық сөздің қайнарлары арқылы көпшілікке жетті. Олардың шығармашылықтарындағы халық мұрасы, тарихы мен дәстүрі, тілі мен ділі халық қазынасы арқылы кеңінен таныс. Асанқайғының сөздерінен ел мен жердің байлығы, хандық саясаттың қыры, Отан мен отбасылық құндылықтар кеңінен көрінеді. Одан кейінгі ғасырларда жасаған Бұхар мен Қазтуғанның, Дулат пен Абайдың, Мағжан мен Мұқағалидің өлеңдерінде ұлттық тілдің мүмкіндіктері, көркемдік арналары айқын

аңғарылады. Ұлттық тілдің қайнарлары, әдебиеттің дәстүрлі жанрларында, проза мен драматургияда, фантастика мен сатирада жан-жақты көрініс табады. Осы реттен алғанда Абайдың ақындық мұралары мен карасөздерінде, Мағжанның көркемдігі мен эстетикалық құндылықтары жоғары сыр-сезімдері, Қасымның рухты жырлары, Мұқағалидың нәзік лирикаларындағы өмір шындығы мен уақыт тынысы ұлттық тілдің мүмкіндіктерін айқын аңғартады.

Сөз өнері бар өнердің басы болғандықтан, Абайдан бастап Мүсіреповке дейін, Байтұрсыновтан А.Қайдарифа дейін ұлттық тілдің байлығын, оның мазмұны мен сапасын, даму

мүмкіндіктерін кеңінен сөз етті. Мысалы; А.Байтұрсыновтың «Тіл құрал» еңбегінен бастап, Ф.Оразбаеваның әдістемелік бағыттағы зерттеулерінде сөздің грамматикалық, лексикалық жағы, сөзжасам сипаты кең орын алады. Алдымен сөздің қарым-қатынастағы орны, дауыс ырғағы мен интонациядағы қызметі, өзіндік белгілері мен қасиеттері айқындалады. Ал қазақ тілінің ғылым тілі ретінде қалыптасу және даму жолдары назар аудартады. Қазіргі кезде ғылым саласын қазақ тілі арқылы өркендетуге мүмкіндік мол. Ғылыми мәтін, сөз жүйесі, ойлау мәселелері ұлттық тіл мүмкіндіктерін толық байқатады. Ал әдеби тілдің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымы,

сөз қолданудағы амал тәсілдері, ғылыми тіл мүмкіндіктерін толық білдіреді.

Қазақ оқымыстылары ұлттық тілдің қызметі мен қолданысы туралы еңбектер қалдырды. Атап айтқанда А.Байтұрсыновтың «Тіл құрал», Қ.Кемеңгеровтің «Оқу құралы», Х.Досмұхамедұлының «Үндестік заңы туралы», «Қазақ-қырғыз тіліндегі қырғыз тіліндегі сингармонизм» атты еңбегінде қазақ тілінің қолданыс аясы, мағыналық сипаты, дыбыстық үндестік ерекшеліктері қарастырылады. Ал Елдес Омарұлының «Қазақша пән сөздер» атты мақаласында қазақ тілінің заңдылықтары, жүйесі айқындалады. Қ.Жұбановтың терминге байланысты «Термин сөздердің спецификасы

жөнінде деген мақаласында терминдік ұғым мен күнделікті сөздердің мағынасы қарастырылады, халықаралық және қазақ тілінің терминдері салыстырылып, өзге ғылым салаларымен байланысы ашылады.

Жинақтап айтқанда, халық қазынасы ұлттық тілдің қалыптасуы мен дамуы өмірдің бар саласын қамтиды. Өмірдің өзекті мәселелері ұлттық тіл арқылы көрініс табады. Халық тілі мен тарихы әрқашан сабақтастықта дамып, халықтың тұтас қоғамдық-мәдени, саяси-әлеуметтік дамуын көрсетеді.

Халық қазынасының қайнары – ұлттық тілдің тарихы, даму үрдістері, сабақтастығы бар. Ұлттық тіл мұраты мен тағылымы әр кезеңде, бүгінгі дәуірде де

өзектілігін жойған жоқ. Арыдан тартсақ, әл-Фарабиден-Абайға, Байтұрсыновтан-Әуезов әлеміне ұласқан дәстүрлі мәдениеттің үлгі-өрнектерінде - Тіл өнері, бел-белесі, тұғыры туралы кеңінен айтылды. Бұл бағыт қазір де кең арна, өріс алып отыр. Өйткені, тіл-халық қазынасының қайнары.

Асылы, тіл-қоғамдық құбылыс қана емес, әрі қатнас пен түсіністіктің, ой мен сөздің одағын, бірлігін көрсетеді. Тіл мәселесі- мәңгілік тақырып. Оны сақтап, дамытып отырған жөн.

Тіл туралы бұрын да айтылған, қазір де аз жазылып жүрген жоқ. Тіпті, 1920 жылдардан бері қарай тіл мүддесін көздеген бірнеше құжат өмірге келген-ді. Айталық, 1921 жылғы 2 ақпандағы Қазақ Автономиясы Халық Комиссарлар кеңесінің 10

тармақтан тұратын деректерінде мемлекеттік мекемелерде қостілдік /қазақ және орыс/ жүйені сақтау, оны қолдау мәселесі қозғалған. Көп ұзамай, 1923 жылдың 23 қарашасында сол кездегі Орталық атқару комитетінің төрағасы С.Мендешев пен оның хатшысы Ж. Сәдуақасовтар қол қойған құжат қабылданды. Бұдан кейінгі құжатты, яки 1958 жылғы 12 ақпанда Республика Министрлер кеңесі қабылдаған-ды. Мұның да өзіндік бағыты, мәнді өзгешеліктері болды.

Бұл құжаттардың ұлттық тіл мен оны дамытуда, өмірдегі қолдану аясын кеңейтуде едәуір әсер-ықпалы болды. Бұдан кейін де тіл төңірегінде қаулы,құжаттар қабылданғаны анық...Қазір, кейінгі құжат- Тіл туралы Заң /1989 жыл, 22 қыркүйек/

өмірге еркін енді.Қоғамда,өмір ағынында басымдық алды. Ендеше, оны сақтап, даму үрдісін арттыру абзал.

ҚР Ата Заңында және айқындалды /1995 жыл, 30 тамыз/.

Алдымен айтарымыз, алыс-жақын елдердің білімпаз-оқымыстыларының ойлары мен толғаныстарынан Қазақ халқының бай дәстүрі, терең тарихы мен тағылымы айқын аңғарылады. Оқып көрелік, В.В. Радлов : «Қазақтардың тілі жатық та шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақ пен жауап беруге келгенде таңғаларлықтай оралымды сөйлейді. Кез-келгені, тіптен сауатсыздарының өзі ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлей



біледі».Ал, М.П.Мелиоранскийді тыңдасақ: «Қазақ тілін зерттеушілердің бәрі бірауыздан қазақ тілі түркі тілдері ішіндегі ең таза әрі бай тіл деп куәландырып отыр».Ал,бұл жәйттер,әсіресе әліпби,жазу ережелері ұлт оқымыстыларының алғашқы құрылтайы тұсында кеңінен сөз болды [1,21].

Қазақ зиялылары - А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, М.Шоқай, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин т.б. ұлт мұраты мен ұрпақ қамы, ел-жер жайы, ауыл-қала сипаты, білім-ғылым жүйесі, қазақ тілінің тағдыр-талайы, жастар ісі мен өнер өрісі т.т. кемел ойлап, кенінен сөз етті. Ұлт мұратына,руханият ісіне адалдық танытты.Уақыт рухын терең танытты.

Ұлт зиялыларынан жеткен ойлар мен толғаныстарының кейбір үзік-үлгілерін оқып көрерлік. Бұл тұстардан да ана тілінің қуаты танылады.

Ә. Бөкейханов: «Бұрын адам аз, жер көп болған, мұны біздің қазақ өз көзімен көріп отыр. Жердің көп -азына қарамай, жердің науасына қарай адам баласы мал баққан, егін салған. Жер көп болса мал бақса, бұл шаруаны қылған жұрт малмен бірге көшіп жүрген. Жер аз болса, жердің науасы егінге қолайсыз болса, мал шаруасын ұстап отырып, малды көшіріп қойып, жұрт өзі отырықшы болған. Бұған мысал Европада Швейцария жұрты жері Түркістан, Алтай, Алатаудай ғұмырында қар кетпейтін биік тау, малға жақсы, егінге жаман, адамы отырықшы болып

қалада отыр, шаруасы мал бағу. Жер аз болған соң малдың басын азайтып, сүйегін асыл қылып, мал бағып, тіршілік қылып отыр.»

Ахмет Байтұрсынов: «Амалыңды түзет, түземесең ешкімге кінә қойма. Беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? Ниеті жаманның Аллаға өкпелеуі жөн бе? Талап жоқ, үміт мол бар халықпыз.үмітіміздің көбі қошқар, қасқырдың үміті сықылды! Өзім жатсам екен, керегім өзі кеп тиер болса екен дейміз. Оны Алла да, адам да қабыл көре ме? Еңбексіз егін шықпайды, терлесең, терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды. «Қараған қарап қалар» деген қазақта жақсы мақал бар, бірақ ол мақалды ескертетұғын қазақ жоқ. Қарап жатқанда табылатын болса, ғылым,

өнер баршасы қазақта болар еді. Олардың бәрі де көрінбейді.

Ата жолдасы надандық, өнерсіздік қазақтан айырылатын емес. Надандықтың кесепаты әр жерде – ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айырылмай – ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз- бәрі надандықтың кесепаты ».

Мұстафа Шоқай:«Ұлтық зиялы деп кімдерді айтамыз? Бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, шын мәнінде бұл сұраққа дұрыс жауап қайыру оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың « ұлттық зиялысы» қатарына қоса беруге болады деп ойласақ,

сөзсіз қателесеміз. Біздің ше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттар төңірегінде жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтықсыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болуы себепті өте ауыр... » [2].

Бұдан: ұлт оқымыстыларының ел-жер тағдырына, білім-ғылым, өнер мұратына, жалпы руханият ісіне бей-жай қарай алмайтындығы терең танылады. Ұлт пен ұрпақ қамы, отан мен отбасы сабақтастығы да сезіледі.

Маңыздысы: қазақ зиялылары кеңінен айтып, кемел ой қозғаған ұлттық мәселелер, руханият ісінің түйінді тұстары бүгін де мәнді, маңызды.

Байқалар ерекшелік: қазақ зиялылары ұлт мұраты мен мүддесін, халыққа қажетті маңызды іс-әрекет, шараларды тамыршыдай тап басып көрсетеді. Сөз бен істе бірлік бар. Ұлт жолында бастама да, тәуекел де мол.

Түйінді тұсы: ұлт мұратына қатысты кемел де келелі ойлар қозғайды, ұрпақ қамына, руханият өрісіне байланысты көзқарастары қазіргі кезеңде де мәнді. Ел-жерге адал, азаттыққа, өмірге құштарлықтарында шек жоқ.

Бұл – басты мұрат, негізгі назарда болатын жәйттардың бірі.

Көне кезең куәлары , ежелгі әдебиет пен мәдени жәдігерлеріміз, қысқасы руханият ісі - Тіл, Ой, Сөз жүйесі арқылы жеткен. Уақыт рухын танытты. Кеше мен бүгінді жалғады.

Ақын-жазушылар ерекшелігі тіл мұратынан, тазалыға мен қолданысынан кеңінен көрінеді. Айталық, әл-Фараби трактаттарында фәлсафалық – ойшылдық иірімдер, Қорқыт, Асан Қайғыда дидактикалық сарындар, Бұхар, Дулат толғауларында қоғам, өмір- уақыт тынысы, Абай әлемінен халықтық мұраттар, адами-рухани мәселелер, Ж.Аймауытұлы шығармашылығынан шеберлік деп шешендік танылады. М.Әуезов тілінде құрмалас сөйлем мол, ой-сөз жүйесі терең. С.Мұқанов халық тіліне жетік, ауызекі сөйлеу үлгісі, дерек көздері көп. Ғ.Мүсірепов

ой-тіл жүйесін көркемдікке, сұлулыққа, шеберлікке құрады. Ғ. Мұстафин диалог, сұхбат, сырласуға бейім тұрады. Ә. Нұршайықов жастық, достық, махаббат тақырыптарын жан жылуы, мейірім шуағы арқылы баян етеді. М.Әлімбай күнделікті өмір тұрмыс суреттерін көңіл күнделігі, халық тағлиматтары негізінде сөз етеді. З.Қабдолов қисындарынан ой мен сөз бейнелі, бедерлі сипат алады. С.Қирабаев жүйелі, ойлы, нақты жеткізеді. Т.Кәкішев деректі, сенімді, серпінді сөйлейді. Кеше мен бүгін байланысына мән береді. Оның да бүгінгі күні маңызы зор.

Мұндай дерек-мысалдар көп. Ендеше, үлгі-өнеге бар. Бағыт, мұрат айқын. Өмірімізді, еңбегімізді, іс-әрекетімізді – ұлтқа, оның келелі келешегіне арнауымыз керек. Оның бастапқы



тұсында, сөз жоқ Тіл- тұғыр тұруы керек.демке, тіл – халық қазынасы.

Қазақстан Жазушылар Одағы 1984 жыл – «Көркем шығармалар тілі» туралы жиын өткізіп, оның тағылымды тұстары көп болды. [ 3 ]. Жекелеген жиын өтті[4], қазақ афоризмдері жарық көрді [ 5 ]. Осы бағыт, үрдіс жалғасын тапса – нұр...

Ендеше, Ұлттық тіл- бик тұғырға көтеріліп, оның барша мәселелері мен мүкіндіктері қашан, қалай шешімін табады? Бұл сұрақ: қаны мен тілі, діні мен ділі бір бойынан табылатын әрбір қазақтың көзінде де, көңілінде де жүр. Өйткені, тілге құрмет- ұлтқа адалдық, ілтипат! Ақын сөзімен айшықтасақ: «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!». Өйткені: «Ана тілінің асыл қасиеттерін бойға сіңіру бөбектің

жерегінен басталатынын адамзат тарихы талай ғасырлардан бері дәлелдеп келе жатыр»[ 6 ].

Атап айтар жәйт:ел дамуының бағыт-бағдарынан-адам капиталы,оның сапасын жақсарту туралы мәселе алдыға шыққаны анық.Бұл бағыт қоғамның барша саласында,әсіресе білім беру жүйесінен,оқу бағдарламаларындағы жаңа моделден,ойлау қабілеті мен ізденіс арналарынан аңғарылады.Бастысы,қазақ тілінің басымдығына мән беріледі.Үш тілді оқыту кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.Білім беру бағдарламаларына бақылау мен жауапкершілік артады.Ұлттық тіл,оны оқыту сапасы,әдістеме жәйі негізгі назарда болады.Өйткені,тіл-ұлт айнасы,қымбат қазына.Руханият қайнары.

Біріншіден, Үштаған тірек /отбасы, балабақша, мектеп/- жұмған жұдырықтай бірлік-береке аясында еңбек етуі керек. Еңбек, оқу, іс-әрекет – Ұлттық мұратқа адалдықтан тұруы тиіс. Бұл - Отбасы мен Отанға адалдық пен тұрақтылықтан, перзенттік парыз-қарыздан көрініс тапқаны жөн.

Екіншіден, білім жүйесі, тәлім-тәрбие ісі, қарым-қатынас аясы- Ұлттық тіл арқылы жүзеге асуы шарт. Отбасы тәрбиесі ұстаз ұлағатымен ұштасып, бірін-бірі байытып, ұлы мұраттарға қызмет еткені нұр.

Үшіншіден, Ұлттық мұратқа қатысты әрбір іс- Ар атынан айтылып, жүрек әмірімен орындалып, көңіл сәулесі, мейірім шуағы жан-жақты сезілуі

қажет. Тіл тұғыры мен ел абыройы осы тұста бар қырынан ашылары хақ.

Төртіншіден, қазақша ойлап, оқып-жазу- әрбір ұлт өкілінің төл міндетіне айналу керек. Өзін - қазақпын,әрі осы ұлт өкілі санайтын әрбір адам көзқарасын,еңбек мұраттарын айқындап,елге қызметін абыроймен атқарып, осы бағытқа мықтап табан тіреуі тиіс. Басқаша әрекет-Азаматтыққа сын! Ар-намысқа,санаға көлеңке түсіріп, жүрекке салмақ салады.

Бесіншіден, Ауыл мен Астанаға талап-талғам, көзқарас бірдей болуы шарт. Тіл тұғыры мен тамыры ауылда, қала- өркениет өрісі! Ендеше, ауыл-қала бірін-бірі толықтырып, келелі келешекке қатар қадам жасау керек. «Өткелде – ат ауыстырмайтынын»

ескерсек, Ұлт рухы мен жанына көлеңке –сызат түспеуі керек. Асылы,тіл-ұлт қазынасы,халық мұрасы мен мирасы.

Тарих тағылымы, қазіргі кезең үрдісі, бүгінгі күн шындығы осы.

Тұтастай алғанда, тіл мұраты айқын:

Ұлт бар жерде-оның рухы, жаны, жалауы, тамыр-тынысы-Тіл болуы ақиқат жайт.Тілсіз қоғам,адам мұраты-қанатсыз құс,елес әлем;

Қоғам байлығы- Адам, оның еңбегі болса, Тіл-жаны, жүрегі. Ендеше,өмірге өріс, жанға-жарық, жылу, жүрекке- нұр, шуақ керек...

Тіл-Ұлттың күретамыры. Тамыр- жүрекке апаратын жол. Жүрек –тіршілік тұтқасы. Тіршілік

тынысы- тіл.Қоғам дамуы,адам еңбегі сонда өріс алады. Тіл тұғыры- биік әрі берік болғаны нұр.

Тіл- ұлт айнасы. Онда: ақыл-парасат мәйегі, ой-сөз жүйесі бар. А.Байтұрсыновша айтсақ: «Сөзі жоғалған жұрттың - өзі де жоғалады».

Жоқтың аты-жоқ. Басқа балама,бәсеке болу мүмкін емес.

Жоқ болудан, жоғалып кету қаупінен сақтасын, Жаратушым!!!

Өйткені:тіл- кие, құдірет!Тіл-асыл мұра, қымбат қазына!Тіл-айбын, мерей, тұғыр!Тіл-ұлы мұрат, мәңгілік құбылыс...

Ендеше, Тіл төңірегіндегі ойлар мен толғаныстардың қай-қайсысы да ұлт мұратын арқау етсе, оның қоғамдағы , өмір –тұрмыстағы орын-

үлесін терең сезінсе, бұдан халықтың қымбат қазынаға қатысты көзқарастары бұрынғыдан да берік болады, әрі кемел келешекке деген үміт-сенімі ұлғайая түсері хақ.Тегінде,тіл-ұлт айнасы һәм қазынасы болғандықтан,оны аялау мен бағалау,оған деген құрмет еселеп артып,жауапкершілік міндеті мен сезімі,азаматтық һәм перзенттік парыздың төмендемегені жөн.

Осы орайда,Ұлттық тілге кең өріс ашып,жан-жақты дамытқан жөн.Білім жүйесінде,әдістеме мұраттарында әрдайым назарда ұстаған жөн.

Ұлт мерейі мен мәртебесі,даму үрдістерінің негізі де осы.

Ана тілінің- ұлт байлығы, айбыны мен ардағы, қымбат қазынасының бірі болуының басты мәні, сыры мен сымбаты осында болса керек.

**Пайдаланылған әдебиет:**

1. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі. - Алматы, 2005. -21 бет
2. Тіл мұраты// «Егемен Қазақстан, 2003, 1 қаңтар
- 3.Өнер алды - қызыл тіл. -Алматы: Жазушы, 1986. - 204 бет).
- 4.Тіл және руханият:өзекті мәселелер. -Астана: Тіл комитеті, 2010. – 560 бет
- 5.Сөз сарасы.- Алматы: Сардар, 2009. -160 бет
- 6.Серғалиев М. Тілім менің - тінім менің.- Алматы: Сардар, 2013. -14 бет







**ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ФИТОСТЕРЕОТИПТЕРДІҢ  
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

*PhD. МУРЗИНОВА А.С.*

*PhD. ЕЛШИБАЕВА К.З.*

*ф.ғ.д., профессоры АБДИРАСИЛОВА Г.Қ.*

*ф.ғ.д., профессоры ТЫМБОЛОВА А.О.*

**Түйіндеме:** Мақалада ұлттық-мәдени фитостереотиптердің лингвистикалық сипаты шетелдік және отандық лингвист-ғалымдардың тұжырымдарын сараптай келе, олардың берген анықтамалары арқылы түйін жасалды. Олар мысалдар арқылы дәлелденді. Сонымен қатар қазіргі тіл біліміндегі зерттеу еңбектерден стереотиптің әлеуметтік стереотип, ділдік стереотип, гендерлік

стереотип, ойлау стереотипі, қатысым стереотипі, тілдесім стереотипі, этникалық стереотип және ұлттық-мәдени стереотип деген түрлерін кездестіруге болады. Солардың бірі - қазіргі лингвомәдениеттану ғылымында ұлттық-мәдени стереотипті арнайы қарастыру – өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Ұлттық-мәдени стереотиптерді анықтау үшін ең алдымен лингвомәдени қауымдастықтың өзіне ғана тән ұлттық-мәдени кодын анықтап алу қажет. Ұлттық-мәдени код тілдегі тұрақты теңеулер, символдар, метафоралар сияқты ауыспалы мағынадағы (көп мағыналы) лексикалық бірліктердің мәдени коннотациялары арқылы айқындалады.

**Тірек сөздер:** лингвомәдениеттану, стереотип, фитостереотип, әлемнің ұлттық бейнесі, ұлттық

таным, лингвомәдени бірлік, ұлттық-мәдени семантикалық код, ұлттық мінез, ұлттық тіл.

Қазіргі таңда отандық және шетелдік лингвомәдениеттану мектебі ұлттық тілдің бойынан тіл иесі – халықтың ұлттық санасында дүниетанымдық көзқарасы бойынша қатталып бекіген стереотиптерді анықтауға бағытталған.

Алғаш рет іргетасы әлеуметтану мектебінде қаланған стереотип ұғымы тіл білімінде XX ғасырдың аяғына қарай зерттеле бастады. Мұндай іргелі зерттеулердің жүргізілуіне американдық ғалым Х.Патнэмның: «стереотиптік ұғымдар тілдік бірліктердің (сөз, сөз тіркесі) мағынасымен тікелей байланысты» деген тұжырымы негіз болды. Осыған орай тіл білімі кеңістігінде вербалды стереотиптер,

яғни тілдік стереотиптер деген атау қалыптасты. Бұл атауды енгізген О.В.Белованың пайымдауынша: «Тілдік стереотиптер дегеніміз – ақиқат дүниенің мәдени тілдік бейнесін құрайтын формальды-семантикалық құрылым» [1,35]. Ғалымның бұл көзқарасынан стереотиптің таңбалық және мазмұндық қабаты болатынын және оның таңбалық қабаты фразеология, тілдік клише, бейнелі тіркестерден қаланатынын, ал мазмұндық қабаты түпкі/негізгі коннотаттық мағыналардан тұратынын аңғаруға болады.

О.В.Белованың осы пікірін қуаттай отырып, ғалым В.Н. Телия стереотиптерге бір құрамды атауларды, фразеологизмдерді, перцепенттік мәтіндерді, сөйлеу әрекеті түрлерін (монолог,

диолог) жатқызады [2,559], поляк ғалымы Е.Бартминский: «Стереотип – этнолингвистиканың негізгі ұғымы, ол – тұлғаның ұжымдық сана үлгісіне сай белгілі бір зат туралы қабылдайтын түсінігі мен бағасы», - дейді [3,189]. Лингвист-зерттеуші тілдік стереотиптердің өзіне тән аймақтық құрылымы болатынын, олардың өзегінің айналасына тұрақты белгілері туралы мағыналары жинақталып топтасатынын, содан кейін ғана санада тұрақталып, ақиқат дүние туралы деректер (бейнелер) шоғырланатынын пайымдайды. Сондай-ақ, стереотиптердің шегі болмайтынын, олар адамзат танымы кеңейген сайын толығып отыратынын, әрі субъектінің санасында ұжымдық түсініктер негізінде

қабылданып, мәдени-тілдік білім арқылы бейнеленіп, жарыққа шығатынын айқындайды.

Ал, Ю.Е.Прохоровтың зерттеуінде, стереотип субъектіге негізделген түсінік ретінде қарастырылып, оның екі белгісі (сипаттамалық және бағалауыштық) анықталады. Ғалым стереотипті бұрыннан қалыптасқан әлеуметтік-танымдық үлгілер арқылы ақиқатты танудың нәтижесі деп түсіндіреді [4,72]. Н.В.Уфимцеваның пайымдауында, мәдениетті танудың кілті ретінде айқындалады [5,253]. Е.Маленконың пікірінше, белгілі бір этномәдени кеңістіктегі этнотілдік деректер ғана стереотиптер қызметін атқара алады [6,39]. В.А.Маслованың көзқарасы бойынша, кез келген фразеологизмдер, тұрақты теңеулер, клищелер тілдік стереотип бола



алады [7,38]. Ә.С.Әлметованың пайымдауында, әлеуметтік құбылыс пен объектіге берілген стандартты образдар деп түсіндіріледі [8,90]. Н.Уәлидің тұжырымында, менталды картина түрінде санада тіркелген, бізді қоршаған ақиқаттың фрагменттері деп талданады [9,39]. Э.Д.Сүлейменованың пікірінше, тілдесім жағдаятында дайын күйінде жұмсалатын сөйлем орамдары мен сөз тіркестері деп анықталады [10, 180]. К.Н.Смағұлованың зерттеуінде, адамдардың күнделікті тіршілігінде қайталанатын дағдылы іс-әрекеттер нәтижесінде қалыптасқан образдар ретінде тұжырымдалады [11, 112]. Р.А.Омарованың көзқарасы бойынша, стереотип – мәдениеттің кейбір доминантты құрамаларын сақтауға, жеткізуге және

«өзінікін» тануға мүмкіндік беретін тұрақтандырушы фактор, тіл мен сөз құбылысы болып саналады [12,138].

Осыған орай, жоғарыда берілген шетелдік және отандық лингвист-ғалымдардың тұжырымдарын сараптай келе, мынандай түйін жасауға болады:

- тілдік стереотиптер дегеніміз – белгілі бір зат, құбылыс, жағдай, орта туралы ұжымдық санада таңбаланып бейнеленген түсініктер жиынтығы;

- этнолингвистика, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, прагмалингвистика, лингвомәдениеттану, коммуникативтік лингвистика салаларында олардың

тілдік көрінісін тілдік таңба, штамп, клише, сөйлем орамы, сөз құбылысы, сөз тіркесі, тұрақты теңеу, фразеологизмдер құрайды;

- стереотиптер – танымдық ақпараттар формасы және қарапайым өмірден туындаған дағдылы іс-әрекеттердің нәтижесі;

- белгілі бір халықтың мәдениетін танытатын этнотілдік деректер көзі;

- әлемнің тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі;

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеу еңбектерден стереотиптің әлеуметтік стереотип, ділдік стереотип, гендерлік стереотип, ойлау стереотипі, қатысым стереотипі, тілдесім стереотипі, этникалық стереотип және ұлттық-мәдени стереотип деген түрлерін

кездестіруге болады. Мұндай түрлерге жіктелуі оның ғылыми кеңістіктегі маңыздылығын көрсетеді. Стереотиптер тілді тұтынушы халықтың өмірімен тығыз байланысты. Олар халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде жиі қайталанатын дағдылы іс-әрекеттері арқылы қалыптасып, таным үдерісі негізінде сол ұжымдық ортаның түйсіну нормасына сай, адам санасында қабылданады және тұрақталған стандартты үлгі ретінде сақталады. Сол себепті де, стереотиптерді таным көрсеткіші деп атайды.

Қазіргі лингвомәдениеттану ғылымында ұлттық-мәдени стереотипті арнайы қарастыру – өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені оларды зерттеу арқылы лингвомәдени қауымдастықтың ұлттық дүниетанымы айқындалып,

халықтар арасында мәдениетаралық қатысымды жеңілдетуге жол ашылады. Ұлттық-мәдени стереотиптерді анықтау үшін ең алдымен лингвомәдени қауымдастықтың өзіне ғана тән ұлттық-мәдени кодын анықтап алу қажет. Ұлттық-мәдени код – құндылықтар арқылы санада тіркелген ментальді үлгі ғана емес, ол ұжымдық ортаның стереотиптік этномәдени санасын қоршаған дүниені қабылдау ерекшелігіне сай қалыптастыратын жүйе. Ұлттық-мәдени код тілдегі тұрақты теңеулер, символдар, метафоралар сияқты ауыспалы мағынадағы (көп мағыналы) лексикалық бірліктердің мәдени коннотациялары арқылы айқындалады. Мәдени коннотациялардың түзілуіне халықтың күнделікті тіршілігінде көріп жүрген заты,

оқиғасының санадағы объективті бейнесі, яғни денотаты ұйытқы болады. Ұйытқы сөз сыртқы экстралингвистикалық факторлардың (әлеуметтік-тарихи жағдайы, этнографиялық мәдени өмірі, әдебиеті, діни сенімдері) әсері арқылы ассоциативтік мағыналармен толығады. Ассоциативтік мағыналар эмоциялық, экспрессивтік, бағалауыштық секілді сезімдік қабылдауға байланысты пайда болады. Сол себепті де, мәдени коннотациялардың бойынан халықтың ұлттық қабылдау, ұлттық дүниетаным, ұлттық ойлау ерекшеліктері байқалады. Бұлар дәстүрлі этномәдени санада қатталып тұрақталған ұлттық-мәдени стереотипті таным мен тіл нәтижесі ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Демек лингвомәдениеттану кеңістігінде ұлттық-мәдени

стереотипті тілді тұтынушы халықтың дүниетанымы негізінде қалыптасқан лингвомәдени таңба үлгісі деп зерттеуге болады.

Ағаш – табиғаттағы маңызды тіршілік көзі. Оның адамзат өмірінде алар орны айырықша. Осыған орай қазақ, орыс, ағылшын халықтарының дәстүрлі ұжымдық санасында «Ағаш/Дерево/Tree» денотаттары бойынша қандай фитостереотиптер қалыптасқанын және олардың мәдени коннотациялары қандай түсініктерді бейнелейтінін салғастыра отырып, анықтауға болады. Бұл үш халықтың дәстүрлі мәдениетіндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ажыратуға мүмкіндік береді.

Қазақ, орыс, ағылшын халықтарының дәстүрлі ұжымдық санасында тұрақталып, вербалданған

«Ағаш/Дерево/Tree» денотаттарына қатысты фитостереотиптерді шартты түрде *«Ағаш – адам моделі»*, *«Ағаш – наным-сенім моделі»* деген тақырыптық топтарға бөліп қарастыруды жөн көрдік.

*«Ағаш – адам моделі»* бойынша қазақ тіліндегі: *«Ағаш тамырымен, адам ағайынымен мықты»* [13, 355], орыс тіліндегі: *«У дерева – ветви, у человека – друзья»*[14, 59], ағылшын тіліндегі: *«As a tree falls, so shall it lie»* (ауд: *Ағаш қалай құласа, солай жатады; мағ: істеген ісіңе өз басыңмен жауап беру керек*) [15, 552] деген паремияларды мысалға келтіруге болады. Бұлардың мәдени мазмұнында әр халықтың ұлттық ерекшелігін сипаттайтын ұжымдық және жеке мәдениет жайлы танымдық стереотиптері көрініс берген. Мәселен, бірінші паремияда, қазақ



халқының ағайыншылдық, бауырмалдық қасиеттері ағаш тамырының мықтылығымен, екінші паремияда, орыс халқының достық, сыйластық жайлы көзқарасы ағаш бұталарымен салыстырылып берілсе, ал үшінші паремияда, ағылшын халқының адам іс-әрекеті туралы ұстанымы ағаштың құлаған күйімен байланыстырылып берілген.

*«Ағаш – наным-сенім моделі».* Қазақ халқы иен далада өскен жалғыз ағашты қасиетті ағашқа балайды. Ондай ағаш тек пайғамбарлар мен әулие-әнбиелердің жүрген жеріне ғана өседі, оның киесі болады деп есептейді. Сондай-ақ, оны жалғыздықтың символы ретінде қабылдайды. Ал қатар өскен қос ағаш пен көктеп келе жатқан ағашты – дүниедегі барлық жаратылыстың сыңарына теңеп,

жақсылықтың жаршысы ретінде бағалайды. Мұның тілдегі көрінісін: *«жалғыз тұрған ағашты кесуге болмайды, оның киесі ұрады», «жалғыз тұрған ағаштың түбінде ұйықтауға болмайды, өмірде жалғыз қаласың», «егіз ағашты кесуге болмайды, қанатыңнан қырқыласың», «бүр жарып келе жатқан ағашты сындыруға болмайды, көктей соласың», «Өркенің өссін!»* секілді тыйым мен тілек мәнді ұлттық-мәдени мінез-құлық стереотиптерінен байқауға болады.

Орыс тілі мен ағылшын тілінде «Дерево/Tree» денотаты негіз болған тыйым сөздер байқалмады. Сол себепті, *«ағаш – наным-сенім моделін»* құрайтын лингвомәдени бірліктерді ағаш түрлерін (*«Емен/Дуб/Оак», «Бәйтерек»,*

«Қайың/Береза/Birch», «Шынар», «Willow») жеке талдаған кезде анықтауды жөн санадық.

«Емен/Дуб/Oak». Емен – көп жыл жасайтын, діңі мықты, құлашы кең, күннің аптаған ыстығына да, аязды суығына да төтеп бере алатын алып ағаштардың бірі. Оның мұндай қасиеттері қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі: *«Еменнен қатты ағаш жоқ, көп жатса жерде дерт ілер»*, *«Қайыңның тозын мақта, еменнің өзін мақта»*, *«Ер жігіттің екі сөйлегені өлгені, Еменнің иілгені сынғаны»*, *«Жалғыз еменге жай түскіш»* [13, 221-223], *«емендей мықты»*, *«емендей ерегісу»*, *«емендей қату»* [16, 164-166], *«Держись за дубок, дубок в землю глубок»* (еменнен ұста, еменнің тамыры тереңде), *«С одного удара дуба не свалишь»* (бір

ұрғаннан еменді құлата алмайсың) [14, 112], «старый дуб»(кәрі емен), «дуб дубом» (емен – емендігімен мықты) [17, 451], «hard as oak» (емендей мықты), «broad shoul-dered man – oak strength»(емендей ұзын бойлы, кең жауырынды адам), «a person as giant oak» (емендей алып тұлға), «character strength of a person – oak strength» (емендей сенімді тұлға), «sound sleep – oak strength» (емендей ұйықтау) [18, 224-429] т.б. сияқты паремиялар мен тұрақты теңеулерде көрініс береді. Берілген лингвомәдени бірліктердің бойынан емен ағашының символикалық мәні айқын аңғарылады. Үш тілде де ер кісінің болмысын сипаттайтын стереотип-бейнені білдіреді. Мұны тіпті төменде берілген мысалдардан да көруге болады: «Еліне

жақындаған сайын тәтті бола бастаған жанын әлдеқашан екі інісінің жолына садаға еткені қайда? *Емен ағаштың майысқаны – сынғаны, қорқудың төркіні ездiкке тірелер болар.* Оның есіне шешесі айтып отыратын тағы бір әңгіме оралды» [О.Бөкей. Айпара ана. 73 б]. *«Будь крепок, как дуб!» (емендей мықты бол), «У вас есть береза, а у нас дуб» (сіз де қайың болса, бізде емен бар)» [Н.Сүмцов. Народный быт и обряды с.38]. «The oak was Churchill's father Winston» (Шершиллдің әкесі – Уйнстон емендей беделді болған) [Taylor. p 128], «[The general] He is rock, the oak not be wind-shaken» (Ол өте сенімді, оны еменде орнынан қозғай алмайды), «I went to bet, slept like an oak, and woke up at around eight o' clock» (Мен емендей ұйықтап, сегізге жуық ояндым)*

[Taylor. p 429]. Дегенмен, бұл мысалдардың мәдени коннотациясынан әр халықтың өзіне ғана тән ділдік ерекшеліктері де байқалады. Мысалы, қазақ халқының қайсарлық, ерлік, өрлік, төзімділік сияқты ұлттық мінез-құлық стереотиптері көрінсе, орыс халқының үйлену ғұрпы мен денсаулық тілеу әдебін білдіретін ұлттық-дәстүрлі стереотиптері, ал ағылшын халқының әлеуметтік-мәдени стереотиптері байқалады.

Емен ағашы – орыс халқының дәстүрлі ұжымдық санасында қасиетті ағаштардың бірі болып саналған. Ол көптеген рәсімдерде культтік мәні бар, сакральді қызмет атқарған. Солардың бірі – үйлену және өмірге ер бала әкелу салтымен тікелей байланысты. Мәселен, қыз бала алғаш келін атанып,

ата-енесінің үйіне барған күні, ең алдымен босаға аттамай тұрып, міндетті түрде емен ағашына тәу етіп, одан өмірге ұл бала әкелуді сұраған. Бұл рәсімнің тілдегі көрінісі: *«Около двора дубочки, а в дом – сыночки»* секілді сөйленістердің мазмұнында айқын бейнеленген. Сондай-ақ, дүниеге келген ер баланың тұңғыш жуындырған суын да емен ағашының түбіне төгетін болған. Бұл орыс халқының «сәбидің денсаулығы емендей мықты болсын!» деген түсінігінен туындаған.

Орыс тіліндегі адам өмірінің соңғы сәтін бейнелейтін *«дубовыми досками пахнутъ»* фразеостереотипінің қалыптасуына ежелгі орыс халқының жерлеу рәсімі негіз болған. Берілген мысалдардан байқағанымыздай, емен ағашы – орыс

халқының дүниеге келу, үйлену, ақырғы сапарға аттану секілді мәңгілік өмір заңдылықтарын білдіретін стереотиптік бейнеге айналған.

Емен ағашы – ағылшын танымында мәңгілік өмір ағашы ретінде рәмізделеді. Бұған ағылшын тілінде кездесетін «*The tree of life*» (өмір ағашы) және «*Family tree*»(отбасы ағашы) лингвомәдени бірліктері айқын дәлел бола алады. «*Family tree*» – ағылшын халқының «*баланың өмірге келуі, мектепке баруы, үйлену тойы*» секілді айырықша маңызы бар айтулы күндерде ағаш отырғызу салты мен отбасылық шежіре туралы түсінігін танытатын мәдени коннотацияға бай стереотиптелген тілдік бірлік. Мұндай стереотиптелген лингвомәдени бірліктің қалыптасуына діни жазбаларындағы (Інжіл



кітабы) «емен ағашы – «*The tree of life*», яғни «*өмір ағашы*» деп бейнеленуі негіз болса керек.

Сайып келгенде, емен ағашы – орыс және ағылшын халықтарының дәстүрлі ұжымдық санасында мәңгілік өмір ағашы ретінде стереотиптелсе, қазақ халқы үшін «мәңгілік өмір ағашы – бәйтерек» болып саналады.

Қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде бәйтерек ағашы үш кеңістікті байланыстыратын дәнекер ретінде рәмізделеді. Бұл туралы аңызда: «Жер мен көктің кіндігінде жападан жалғыз өскен киелі бәйтерек бар. Бұл теректің басы аспанмен, түп тамыры жер астымен жалғасқан. Ол көзге көрінбейтін киелі ағаш. Бұл бәйтеректе жайқалып өскен әрбір жапырақ жер жүзінде жасаған әрбір

адамның өмір тіршілігінің нышаны, жер жүзінде тіршілік етіп отырған әрбір адам киелі теректің жапырағы жарылғанда өмірге келеді, жапырағы жайқалып өскенде өсіп, үлкейіп, кемеліне келеді, жапырағы мезгілсіз сарғайса, қайғы-қасіретке тап болады, жапырағы солса, қартаяды, жапырағы үзіліп, жерге түссе, қазаға ұшырайды», - делінген [Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 80 б]

Бұдан басқа қазақ тілінде: *«Ата – бәйтерек, бала – жапырақ», «бәйтерек түптен жығылды», «қазақтың үш бәйтерегі»* секілді лингвомәдени таңбалар бар. Бұлардың мәдени коннотацияларының астарында халқымыздың ұлттық стереотиптік танымы мазмұндалған. Мәселен,

бірінші мысалдағы паремияда: «Ата – ұлы әке». «Ол – отбасының ақылшысы, тірегі». «Бала – ұрпақ». «Жанға медеу болатын сая». «Бәйтерек – ұлы ағаш». «Ол – діңі мықты, құлашы кең, тамыры терең ағаш». «Жапырақ – тіршіліктің мәні, жаңарудың белгісі» сияқты ассоциациялық түсініктерден ұлттық-мәдени стереотип-метафора қалыптасса, екінші мысалдағы фраземада: бәйтеректей алып ағаштың құлауы – ер адамның қазасын меңзейтін дәстүрлі этикеттік стереотиптің жасалуына ықпал еткен. Оны мына үзіндіден де көруге болады.

*«Қосым бидің Нұралы ханның өлімін естіртуі:*

*Бәйтерек түптен жығылды,*

*Алтынменен күптесе де тұрмас-ты»*

(Бабалар сөзі. 35 б). Ал үшінші мысалдағы лексемада,

бәйтерек ағашы – ұлы тұлға, тамыры – терең білімі, діңі – өмір жолындағы ұстанымдары, құлашы – үйреткен білімі, жайқалған жапырағы – ізін жалғастырған шәкірттері сияқты түсініктермен ұқсатылып, қазақ зиялылары – *Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин* жайлы ақпараттарды білдіретін ұлттық-мәдени стереотип-бейнелердің қалыптасуына түрткі болған.

Сайып келгенде, бәйтерек ағашын – қазақ халқының ұлттық бейнесін танытатын ұлттық-мәдени фитостереотип ретінде қабылдауға болады.

*«Ағаш – адам моделі» бойынша:*  
*«Қайың/Береза/Birch»* – қазақ танымындағы қаттылықтың, мықтылықтың белгісін білдіреді. Мұны тіліміздегі *«қайыңның безіндей», «қайыңның*

*тозындай» [15, 164-165] сияқты тұрақты теңеулерден байқауға болады. Мысалы, «Бұлардың ішінде қайыңның безіндей берік, қазан тастай шомбал, төртпақ келген біреу ерекше көзге түседі. Бұл – Баянауылдағы Қаржастан шыққан Азнабайұлы Сейтен» (І. Есенберлин. Көшпенділер. 7 б).*

Қазақ халқы қайың ағашын үйдің жанына отырғызуға тыйым салған. Оны қайғы-қасіреттің белгісі деп ұққан. Мұндай түсінікпен байланысты ауызекі сөйлеу тілінде: *«Қайың екеннің қайғысы көп»* деген айтылыс кездеседі.

Орыс тілінің сөздік қорындағы: *«берёзка»(қайың-қыз), «у нас дуб, а у вас берёзка» (біз де емен, сіздер де қайың бар), «стройная как*

*берёзка»(қайыңдай сұңғақ), «Кривая береза, не удержит снега, плохой человек не сдержит слова» (қисық қайыңға қар тұрмайды, жаман адам сөзінде тұрмайды), «Какова береза, такова и отростка» (қайың қандай болса, көшеті де сондай), т.б.*

лингвомәдени бірліктерден орыс халқының қайың ағашы туралы ұлттық-мәдени стереотиптік түсінігін аңғаруға болады. Қайың ағашы – аталған табу сөздер мен тұрақты теңеулерде *жас қыздың, сұлулықтың, нәзіктіктің, тазалықтың, пәктіктің, жастық шақтың* эталондық үлгісі ретінде рәмізделсе, ал паремияларда адамның жағымсыз іс-әрекеті мен қанына сіңген мінез-құлқын танытатын бейне түрінде сипатталады.

Қайың – орыс халқының «*ағаш – наным-сенім моделінде*» бойтұмар қызметін атқарған. Оның бойында қара күшке қарсы тұра алатын тазартқыш қасиеті бар деп сенген. Сондықтан оны үйдің маңайына отырғызып, отбасының бақыты мен берекесін қорғайды деп ой түйген. Осыған байланысты орыс тілінде: «*береза ума дает*», «*березовая каша*» (*жазалау*) секілді символдық мәнге ие, стереотиптенген тілдік бірліктер қалыптасқан. Ол – орыс халқының ұлттық-мәдени фитостереотиптерінің бірі болып саналады.

Ал ағылшындар үшін, қайың ағашы – кедейліктің нышаны ретінде бейнеленеді. Мұндай түсініктің негізі «*a birch at Yule even*» (*қайың ағашы*

*қасиетті күні ғана киелі*) деген фраземадан көрінеді.

Дәстүрлі орыс мәдениетінде жас қыздың бейнесі – қайың ағашына теңелсе, қазақ танымында – шынар ағашына, ал ағылшын мәдениетінде willow (жылауық тал) ағашына балаңады. Мысалы, қазақ тілінде шынар ағашына байланысты: *«Шынар» (қыз есімі), «қияда өскен шынардай», «қазақтың қос шынары»(Әлия мен Мәншүк)* секілді ұлттық-мәдени стереотиптер кездеседі. Мұндай стереотиптердің қалыптасуына шынар ағашының биік таудың шыңына өсетіндігі мен желдің өтіне шыдамдылығы, күннің ыстығы мен суығына төзімділігі, тамырының тереңдігі мен саясының кеңдігі секілді табиғи қасиеттері арқау болған. Мұны тіліміздегі ұлттық



ерекшелікті көрсететін: «Қазақтың маңдайына біткен қос шынары – Әлия мен Мәншүк», «Түйе атасы – нар, ағаш атасы – шынар», «Ағаштың жақсысы – шынар», «Ұсынғанда қол жетпес, Шыңдағы өскен шынарысың. Сіз сықылды-ау құрбыны, Көрмей қайтіп тұрарсың?!» (Халық әндері. 79 б) деп келетін прецедентті мәтіндерден түсінуге болады.

Демек, шынар ағашының табиғи қасиеттері мен қазақ қызының бойындағы *тектілік, тәрбиелілік, пәктік, өрлік, тазалық, төзімділік, көнбістік, сұлулық, қайсарлық* т.б. сияқты асыл қасиеттері ұқсатылып ассоциацияланған.

Ағылшын тілінде willow (жылауық тал) ағашына қатысты: «*young woman – willow*» (жылауық талдай қыз), «*crying woman – willow in*

*spring*»(көктемдегі жылауық талдай әйел), «*a willowy lady*»(жылауық талдай нәзік әйел) т.б. стереотип-метафоралар бар. Бұлардың сөйлемдегі қолданысы төмендегідей: «*Here she was confronted by a willowy lady dressed in a clinging robe of lavender silk, and heavily veiled hat*» (сөзбе-сөз ауд: Бұл жерде оған басына бүрмелген қалпақ пен үстіне сәнді жібек көйлек киген әдемі жылауық талдай қыз қасқайып тұрды) [Heyer, p 196]. «*What will you say when I'm old and toothless, and bent like a willow tree?*» ( сөзбе-сөз ауд: Күйеуіне: «Мен тіссіз, жылауық талдай бүкірейіп қартайғанда не айтасыз? – деді әйелі) [Сох, p 220]. Берілген мысалдарда әйел адамның нәзіктігі, иілгіштігі, сұлулығы жылауық талмен байланыстырылып кескінделген.

Түйіндей келгенде, қазақ, орыс, ағылшын халықтарының «Ағаш/Дерево/Tree» денотаттары бойынша түзілген фитостереотиптердің («Емен/Дуб/Оак», «Байтерек», «Қайың/Береза/Birch», «Шынар», «Willow») мәдени коннотацияларының ұқсастықтары мен ерекшеліктері бес деңгейде байқалды:

- фитостереотиптер денотаты;

- фитостереотиптердің лексикалық мағыналары;

-фитостереотиптер коннотацияларының денотаттық және лексикалық мағыналарымен сәйкес келуі;

-фитостереотиптер коннотацияларының  
денотаттық және лексикалық мағыналарымен сәйкес  
келмеуі;

- фитостереотиптердің ұлттық-мәдени  
ерекшелігі.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Белова О.В. Этнические стереотипы по данным языка и народной культуры славян : автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. – М.: 2006. – 35 с.
2. Телия В.Н. Русская фразеология: семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Языки русской культуры, 1996. – 288 с.
3. Бартминский Е. Языковой образ мира: очерки по этнолингвистике. – М.:Индирик, 2005. – 512 с.
4. Прохоров Ю.Е. Национальные социокультурные стереотипы речевого общения и

их роль в обучении русскому языку иностранцев. Изд. 4-е, стер. – М.: URSS, 2006. – 224 с.

5. Уфимцева Н.В. Стереотипы национальной культуры в межкультурном общении. – М.: 2014

6. Маленко О.О. Етнокоди сучасної лінгвістики: до мовних джерел// Вивчаємо українську мову та літературу. – 2012. - №9. 37-39 с.

7. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.

8. Элметова Ә.С. Лингвомәдениеттану негіздері. – А.:2014. – 316 б.

9. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері. Фил.ғыл.док., дайынд.дисс. – А.: 2007. – 326 б.

10. Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика: монография. – А.:Қазақ университеті, 2011. – 117 с.

11. Смағұлова К.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – А.:Елтаным, 1998. – 196 б.

12. Омарова Р.А., Кенжетаева Г.К., Демесінова Г.Х., Мағзұмов Х.Б. Мәдениетаралық коммуникация бойынша практикум. – П.: 2007. – 158 б.

13. Бабадан қалған байлығым. Қазақ мақал-мәтелдері. – А.:Атамұра, 2014. – 408 б.

14. Старинные русские пословицы и поговорки. – М.:Дет.лит., 1983. – 309 с.

15. The Oxford Dictionary of Proverbs. – E.: Oxford University Press, 2007. – 625 p.

16. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – А.:Арыс, 2007. – 480 б.

17. Фёдоров А. И. Фразеологический словарь русского литературного языка: ок.13 000 фразеологических единиц/-3-е изд., испр. – М.: Астрель: АСТ, 2008. – 878 с.

18. Wilkinson P.K. Thesaurus of Traditional English Metaphors. – E.: Press, 2001. – 612 p.









